

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № А-7/202 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 тамызда № 1-8-133 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № а-4/83 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 17.04.2014 № а-4/83 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесімен келісу туралы» Егіндікөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 наурыздағы № 5С2-5 шешіміне сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының лауазымдық тізбесі қосымшаға **с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
3. Қ. Жұматоваға **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Егіндікөл ауданының әкімі</i>	<i>Б.Сұлтанов</i>	
Е г і н д і к ө л		а у д а н ы
ә к і м д і г і н і ң	2 0 1 2	ж ы л ғ ы
5	ш і л д е д е г і	№ А - 7 / 2 0 2
қаулысына қосымша		

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру,
әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет мамандарының
лауазымдық тізбесі**

1. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) қазынашылық кәсіпорнының және мемлекеттік мекеме басшысы мен
о р ы н б а с а р ы ;

2) мамандар, оның ішінде: барлық мамандықтар бойынша мұғалімдері,
медбикелер, кітапханашы, тәрбиеші, тәлімгер, оқытушылар, музыка жетекшісі,
әдіскер, психолог, аудармашы.

2. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мәдени мемлекеттік мекеме мен қазынашылық кәсіпорынның басшысы
м е н б а с ш ы о р ы н б а с а р ы ;

2) мамандар, оның ішінде: әдіскер, кітапханашы, мұрағатшы, суретші,
аккомпаниатор, мәдени ұйымдастырушы, үйірме жетекшісі.

3. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:

1) күтім бойынша әлеуметтік жұмыскер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман,
диеталық бике.